

Қазақстан Республикасы Зейнетақы қорының 1997 жылға арналған бюджетін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1997 жылғы 3 ақпан N 143. Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1997.07.02. N 1048 қаулысымен. ~P971048

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Зейнетақы қорының 1997 жылға арналған бюджеті кірістер бойынша - 174441,6 млн. теңге, шығыстар бойынша 1744441,6 млн. теңге сомасында бекітілсін (қоса беріліп отыр).

2. Қазақстан Республикасы Зейнетақы қорының 1997 жылға арналған бюджетінің кірісі мыналардың есебінен құралады деп белгіленсін;

меншік нысанына және қызмет түріне қарамастан, жұмыс берушілердің, кәсіпкерлік қызметпен айналысатын азаматтардың сақтандыру жарналары;

жұмыс берушілердің мерзімінен бұрын зейнетақы тағайындалуына байланысты және жеңілдікті зейнетақымен қамсыздандыру мақсаттарына аударатын қаражаты;

жұмыс берушілер мен азаматтардан кері талап қою тәртібімен өндіріп алынатын қаражат;

төлемшілердің сақтандыру жарналары бойынша берешекті өтеу қаражаты; соның ішінде өсімақы;

ақша қаражатының 1997 жылдың 1 қаңтарына ауысатын қалдықтары;

Қазақстан Акционерлік Халықтық Жинақ банкісінен алынған несие.

3. 1997 жылы Қазақстан Республикасының Зейнетақы қорынан мыналарға:

"Қазақстан Республикасында азаматтарды зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес төленетін зейнетақыларға;

1996 жылғы зейнетақы төлеу жөніндегі және "Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес 1995-1996 жылдарда зейнетақыға үстеме төлеу жөніндегі берешекті өтеуге;

зейнетақы төлеу мен жеткізіп беру бойынша көрсетілген қызметтер үшін, шетелде тұрғылықты тұруға көшіп кеткен азаматтарға жұмыста мертігуі немесе кәсіптік сырқатқа ұшырауы салдарынан тағайындалған зейнетақы төлеуге байланысты шығыстарға;

жерлеуге жәрдемақы төлеуге;

"Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және оларға

теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 28 сәуірдегі N 2247 Заң күші бар Жарлығына U952247_ сәйкес Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне жыл сайын бір жолғы жәрдемақы төлеуге;

төлемшілер Қазақстан Республикасының Зейнетақы қорына сақтандыру жарналары бойынша негізгі борышты өтеген жағдайда өтемақыны есептен шығаруға;

Қазақстан Акционерлік Халықтық Жинақ банкісінен алынған несие сомаларын қайтаруға қаржы аударылсын.

4. Облыстар мен Алматы қаласы бойынша Зейнетақы қорларының бюджеттеріне түсетін сақтандыру жарналарының бір бөлігін (30 проценті мөлшерінде) Қазақстан Республикасы Зейнетақы қорының орталықтандырылған шотына қаражатты жекелеген аймақтар бойынша шығыстардың кірістерден асып кетуін жабуға "Қазақстан Республикасының Зейнетақы қорымен есеп айырысу жөніндегі елеулі кемшіліктер мен қосымша шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 5 қазандағы N 1306 қаулысымен p951306_ және оған енгізілген өзгерістермен белгіленген тәртіпке сәйкес кейін қайта бөлу үшін аудару көзделетін болсын.

5. Төменде келтірілген облыстар мен Алматы қаласының әкімдері

облыстар мен Алматы қаласының Зейнетақы қорының бюджетінде Қазақстан Республикасы Зейнетақы қорының орталықтандырылған шотына сомаларды (млн. теңге) аударуды көздесін және олардың ай сайын бірдей үлестерінің Қазақстан Республикасы Зейнетақы қорының орталықтандырылған шотына белгіленген аударымдардан тысқары аударылуын қамтамасыз етсін:

Ақтөбе облысы	- 393,1
Атырау облысы	- 1026,7
Жезқазған облысы	- 224,3
Қостанай облысы	- 1564,4
Маңғыстау облысы	- 4386,3
Павлодар облысы	- 3008,1
Торғай облысы	- 363,3
Алматы қаласы	- 939,4 млн. теңге.

6. Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, облыстар мен Алматы қаласының әкімдері Қазақстан

Республикасының Зейнетақы қорына сақтандыру және басқа да міндетті аударымдарды толық және уақтылы жинауды қамтамасыз ету жөнінде қажетті шаралар қабылдасын.

7. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік салық комитеті Қазақстан

Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің жергілікті жерлердегі органдарына Қазақстан Республикасының Зейнетақы қорына сақтандыру жарналарының толық және уақтылы түсуін қамтамасыз етуге, кейін еңбек және халықты әлеуметтік қорғау органдарына хабарлай отырып, жәрдемдесетін болсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1997 жылғы 3 ақпандағы
N 143 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының Зейнетақы қорының
1997 жылға арналған бюджеті

млн. теңгеде

1. Меншік нысанына және қызмет түріне қарамастан, жұмыс берушілердің, кәсіпкерлік қызметпен айналысатын азаматтардың сақтандыру жарналарын аударуы 102265,8
2. Жұмыс берушілердің мерзімінен бұрын зейнетақы тағайындалуына байланысты және жеңілдікті зейнетақымен қамсыздандыру мақсаттарына аударатын қаражаты 210,0
3. Жұмыс берушілер мен азаматтардан кері талап қою тәртібімен өндіріп алынатын қаражат 1360
4. Төлемшілердің сақтандыру жарналары бойынша

берешекті өтеу есебіне және 1996 жылы балалы отбасыларға төленген жәрдемақы үшін жұмсалған шығысты Зейнетақы қорына өтеу есебіне бюджеттен түсетін қаражат, барлығы 62936,7
соның ішінде:

сақтандыру жарналары бойынша 60361,5
балалы отбасыларға жәрдемақы бойынша 2575,2

5. Ақша қаражатының 1997 жылдың 1 қаңтарына ауысатын қалдықтары 1016,1

6. Қазақстанның Халықтық банкінен алынған несиелер 8000,0

Кірістің жиыны 174441,6

ШЫҒЫСТАР млн. теңгеде

1. "Қазақстан Республикасында азаматтарды зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес төленетін зейнетақы 116873,5
соның ішінде:

еңбек зейнетақысы 114228,2
әлеуметтік зейнетақы 2237,2

мерзімді қызметтегі әскери қызметшілердің қатарынан мүгедек болғандарға төленетін зейнетақы 408,1
соның ішінде:

"Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес зейнетақыға үстеме 3011,8

2. Зейнетақы және оған экологиялық үстеме төлеу бойынша берешекті өтеу - барлығы 31583,0
соның ішінде:

1996 жылғы зейнетақы төлеу бойынша берешек 26816,2

"Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, 1995-1996 жылдардағы зейнетақыға

үстеме төлеу бойынша берешек	4766,8	
3. Зейнетақы төлеу мен жеткізіп беру бойынша көрсетілген қызметтер үшін жұмсалған шығыстар		890,7
4. Шетелде тұрғылықты тұруға көшіп кеткен азаматтарға жұмыста мертігуі немесе кәсіптік сырқатқа ұшырауы салдарынан тағайындалған зейнетақыны төлеу	39,0	
5. Жерлеуге жәрдемақы төлеу	853,0	
6. Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығына сәйкес Ұлы Отан соғысының мүгедектері мен қатысушыларына әлеуметтік және өзге төлемдерді есептеу үшін төрт айлық есепті көрсеткіш мөлшерінде жыл сайын бір жолғы жәрдемақы төлеу		233,0
7. Зейнетақы қорына сақтандыру жарналары бойынша негізгі борышты өтеген жағдайда өсімақыны есептен шығару	11887,8	
8. Қазақстанның Халықтық банкісінен алынған несие сомасын қайтару	120081,6	
Шығыстың жиыны:	174441,6	
Кірістің шығыстан асып түсуі:		